

# АБАЙ ІШІП ҮЛГЕРМЕГЕН "У"

## БІРІНШІ КӨРІНІС

### *Ділдә зары*

Бір кездердегі барлықтың, байлықтың іздері айқын көзге түскенімен уақыт әсерімен азып-тоза бастаған киіз үй. Жылау сарынындағы мұңды саз. Иесіз отау.

Сахнаға мұңды сазға зарлы үн қосқан, жүрісі селқос, бет-ажарынан өмірден күдер үзген жанның кескін байқалып тұрған Ділдә кіреді, қозғалысынан, келбетінен пандығы, кісілігі анық аңғарылады.

ДІЛДӘ. Не боп кетті бұ дүния ? Өзін-өзі жеп жатқан, мүжіп жатқан не аждаһа мынау ? Заман дейді... Осындай да заман бола ма екен ?

Қай кезде де заман өз қатесін түзетуге өз тесігін бітеуге, өз жыртығын жамауға тырыспаушы ма еді ? Бұл заман емес заманның жауы болар. Заман ақыр болады деуші еді, әлде бұл соның басы ма екен ?

*Ділдә зарлы қара сөзден жылау сазына ауысып кетеді.*

ДІЛДӘ.

Мынау заман қай заман, қалай заман,  
Кісі атанды-ау өмірді лайлаған.  
Не жазығым бар еді, о, Жаратқан,  
Жайсаңдарды қор етті-ау малай, надан.

Үйге азып-тозған, қайыршы түрге енген кісілер жинала бастайды. Сөйлемейді. Өздеріне Ділдәның назары түскен шақта ғана қолдарын жайып, бірдеңе дәмететіндіктерін байқатады.

ДІЛДӘ. Ей, пақырлар-ай ! Тағы да келдіңдер ме ? Айтпап па едім мен сіздерден де өткен пақырмын деп. Мені мына заман сендерден де сорлы еткенін, менің бұ дүниедегі ең байғұс жан екенімді қайдан білейін деп едіңдер. Өздеріңнің маған қарағанда әлдеқайда бақытты екендеріңді де білмейсіңдер ғой. Сіздер әлі де болса өзгеден сұрайсыңдар, бұл өмірден дәметесіңдер. Әлі де кісінің кісілігінен, адамның адамшылығынан торықпаған жандарсыңдар. Бұл өмірден үміттерің бар. Сондықтан да бірдеңе тапсаңдар талшық етіп мынау тірліксымақтарыңды жалғастырғыларың келеді. Ал мен болсам дәмеден де, тіршіліктен

де, сенімнен де қол үзген жанмын. Менде жалғыз-ақ тілек, жалғыз-ақ сұрақ қалған. Бермей тұр ғой, сол жалғыз тілек пен сұрақты, бұл құдіреті күшті жаратқан. «Үміт соңынан өледі» деуші еді, оның да өлгеніне қаншама уақыт өтті...

Ділдә төсегіне барып қисаяды. Сол шақта тағы да есік алдында ұйлығысып тұрған пақырларға көзі түседі. Пақырлар қолын жаяды.

ДІЛДӘ. Сорлылар-ау, әлі де бірдеңе дәметіп тұрсыңдар ма?.. Барыңдар. Барыңдар. Шаршап қалдым. Менде ештеңе де қалған жоқ.

*Пақырлар кетеді. Ділдә тағы да зарлы сазбен өзімен-өзі сөйлескендей, бір өлеңдетіп, бір сөйлеп кетеді.*

ДІЛДӘ. Мынау заман қай заман, қалай заман,  
Кісі атанды-ау өмірді лайлаған.  
Не жазығым бар еді, о, Тәңірім,  
Жайсаңдарды қор етті-ау малай, надан.  
О, Жаратқан! Шыңдап сұраған тілегінді беремін дейді екенсің!  
Шын тілегім, жалғыз тілегім! Салсаңшы менің мына тірілей өлі денемді қара жеріңнің қойнына!

Бұ тірлікте маған көрсетпеген нең қалды ?

Мен қимайтындай нем қалды ? Тілегін тілер кімім бар ?

Басымды сүйер кімің бар ?

Ер азды, ел тозды ...

Ел дегеніңнің сиқы жаңағылар. Ер дегенің кілең есірік.

Елге не болды ? Ерге не болды ?

Қайдасыңдар ел тізгінін ұстаған жақсылар мен жайсаңдар? Ен даланы елге толтырып едіңдер, әр төбені малға толтырып едіңдер. Қайдасыңдар қалың елім ? Қайдасыңдар Сарыарқаға симаған, сар далаға сән берген қайран жұртым, қазағым ? ..

Қайдасың Абай ? .. Сенің де қате сөйлейтін жерің бар екен ғой ... Мен ішпеген у қалмады деуші едің, қалыпты ғой ... маған қалыпты ғой.

Абай-ау! Сен – қалың елің қазағың қалай ел болады, қара орманың, қазағыңның қара баласы қалай өзге елден кем болмайды деп зарлап, соның жолында у ішіп едің. Бірақ сенің қамын ойлар қазағың бар еді. Ертеңі күні не болады деп уайым шегер елің бар еді. Енді не болды ? Енді не қалды ?

Қара орманың тәркі болды.

Қалың елің қазағыңның басы бұтаның түбінде, сирағы сайдың тұйығында қалды. Ер жеткізем, елден оздырам деген қара балаң қайыршыға айналды. Құнанбай, Абай тұқымын түгелдей жалмап тауысып, тіпті исі Ырғызбайдан ұрпақ қалмауға айналды. Осының бәрін көргенде шыққыр көздің шығып кетпей, жаралы жүректің жарылып кетпей әлі күнге қалай шыдап жүргенін?.. әлде саған хабар жеткізуге қалдырған, сен ішіп үлгермеген у мен зәрді тауысып ішуге қалдырған құрбандығы, мен бе екен? ..

О, Жартақан! Мен тойдым бәріне де ...

Қасиет қонған ер едің ғой, Абай!

Алсаңшы мені қасына...

Алсаңшы мені қасыңа...

*Ділдә шаршап, талықсып ұйықтап кетеді. Түс көріп жатқаны байқалады.*

## ЕКІНШІ КӨРІНІС

Абайдың Алшынбайға сәлемдесуі.

*Кең жайлау. Шағаладай аппақ отаулар. Алыста үйір-үйір мал. Ауыл көркінен үлкен тойға дайындық байқалады. Оңашалау, көкжиекке көз тастап, өзімен-өзі жалғыз тұрған жас қыз – Ділдә. «Ажарлым», «Ажарлым» деген дауыстан шошып қалған Ділдә дауыс шыққан жаққа бұрылады. Сахнаға алқына жүгіріп бір жас келін шығады.*

*ЖАС КЕЛІН. Ажарлым! Ажарлым! Мен құдаларға шәй құйып бердім. Ішінде күйеу бала да болды. Аты кім еді өзінің?*

*ДІЛДӘ. Абай ғой. Оның аты Абай ғой!*

*Ділдә өңінен Абай атын қуана айтқаны, мақтанышпен айтқаны сезіліп тұрады.*

ЖАС КЕЛІН. Сенің сол болашақ күйеуің, Абайың біздің ауылдың бар еркегін қырып салды. Қатырды. Запыран қайнағаны өлтірді. Ойбай-ау тек оны емес бәрін бірден, бір ауыз сөзбен бауыздамай, қан шығармай мүрдем жіберді. Елді аузына қаратып жалғыз өзі сөйлеп отыратын «Запыран қайнаға» бүкіл шәй үстінде үнсіз қалды. Тілін көмекейімен қоса суырып алғандай, тым-тырыс отырды да қойды.

ДІЛДӘ. Жеңеше! Тоқтай тұршы. Демінді басшы... Міне осылай... Енді жайлап қана маған шәй үстінде не болғанын түсіндіріп берші. Немене, Абай біреуді өкпелетіп алды ма?..

ЖАС КЕЛІН. Үлкен Отауға құдалар келеді, қонақтарға шәй құйып бересің дегесін мен күні бойы сонда болдым. Әуелі би атам және біраз ауыл адамдары келді. Ішінде Запыран қайнаға да болды. Сосын Тобықтылар, төрт-бес кісі кірді. Сәлемдескені де қызық екен өздерінің. Әсіресе ең соңынан кірген күйеу жігіт қолын кеудесіне қойып «Ас-са-ла-ма-ғалай-ком-м» деп, өлең айтқан кісідей-ақ созғаны...

### ЖАҢА КӨРІНІС

*Сәнді отау. Төріне жайғасқан Алшынбай. Оның екі жағын ала сәл төменірек орналасқан үш-төрт ауыл ақсақалдары. Қонақ күткен райлары байқалып тұрады. Соңынан кірген жастау жігіт шеткі кісінің қасына отыра бергенде – «бұл жерге күйеу отырады, сен ана жаққа отыр, кесе алып беріп отырарсың» - дейді. Үйге төрт-бес кісі кіреді. Сәлемдеседі. Ең соңынан кірген Абай қолын жүрегіне қойып, ізет белгісін жасай сәлем береді.*

ТОБЫҚТЫЛАР. Ассалаумағалайком!

АБАЙ. Ассалаума-ғалай-ком-м!

АЛШЫНБАЙ. Уағалайком-ас-салам. Бар бол балам!

БІРІНШІ КІСІ. Пай, пай, пай ...ай!

Мына көмейі суырылған

Шешен ұрпағының жастауын-ай!

Ата салты әдептен аспауын-ай!

Сәлемінің өзін әндей ғып бастауын-ай!..

Нағашы жұрттан да саспауын-ай!..

*Отырғандар жымындасып, қозғалысып қалады. Бір-біріне қарасады.*

ЕКІНШІ КІСІ. Шүкір, шүкір Аллаға! Тағы да бір тобықтының күйеу боп біздің табалдырықты аттауын-ай.

Әкесі Құнанбайға ұқсап кетпей

Өзін құдайдың сақтауын-ай!

Осылай сәлем бер деген Құнанбай нұсқауы ма-ай!

Әлде топта өнер оздырған нағашыларға ұқсауы ма-ай!

*Отырғандар күбірлесе күлісіп, бір-біріне жеңіл-желпі тіл қатысып қалады.*

ЗАПЫРАН ҚАЙНАҒА. Япырым-ай, шынында да сәлемінің өзін ерекше саптауын-ай! Әкесі Құнанбайдың шешем атын ақтауын-ай!

Тек, әттеген-ай!

Бүкіл денесін әлдем-ақ тоқты қошқардай қалың түктің қаптауын-ай!

*Отырғандардың кейбіреулері күлісіп қалады. Алшынбай Абайға жаны ашығандай, үшінші кісіге шытынай қарайды. Абай қысылғаннан гәрі қуанғандай кенет жадырап, үшінші кісінің «қап, әттеген-ай» деген сөзін соза қайталап жұрт назарын өзіне аударып алады.*

АБАЙ. Қап, әттеген-ай! Шаншарларға сәлемім ұнамай шуласып кеткенін-ай! Күйеу баласын қошқарға теңеп, өз абыройларын өзі төккенін-ай. О баста Құнанбайға қызын ұзатарда сәл нәрсеге ақылының жетпеуін-ай!

Қызын ұзатарда жабыла жамырап «Қызым түкті бала таппа» - деп айтпауын-ай!...»

Күлкі пышақ кескендей тыйыла қалады. Алшынбайдың жүзі жадырағандығы байқалады.

АЛШЫНБАЙ. Ал ендеше, шешенсымақтар! Үшеуіңе бір-ақ сыбаға!

Отырғандардың абыр-сабыр дыбыстарын айналып бара жатқан сахна алыстата береді. Сахна сөйлесіп тұрған Ділдә мен жас келінді алып келеді.

ЖАС КЕЛІН. Сенің Абайың басы қазандай, ұп-ұзын қара бала екен. Созып сәлем беріп, қайнағаларға жаңағыдай жауабын қайырып өз орнына жайғасып болғасын Би атам дұға оқып бетін сипап арнайы бата жасады. Үлкен қайнаға: «Мына бала болайын деп тұр ғой» - деді. Запыран қайнаға шәйін үн-түнсіз ішті.

Ділдә ұмтылып барып жеңгесін құшақтайды. Жаңарынан қуаныш сезімі байқалып тұрады. Сахнаға тағы бір келіншек асығыс кіреді.

КЕЛІНШЕК. Еркежан! Еркежан! Сүйінші! Бүкіл ауыл болып күйеу баланы сөз ғып жатыр. Мақтап жатыр. Би ата сенің апаңды шақыртып алып: «Ділдәңның жамылғаны алтын тон болар, қорғаны алмастай кескір сөз болар. Бағы ашылыпты қызыңның, баянды болсын» - деп, әдейі құтты болсын айтыпты.

ДІЛДӘ. Жеңеше-ай! Хабарың қандай қуанышты еді! Өмірде көрмеген адамыма сондай ынтазар етті ғой! Қуанышымның куәсі болсын, осы күнді еске ала тағып жүрерсің, мә, сүйіншің...

*Ділдә саусағынан сақина алып жеңгесінің саусағына салады. Өзі жеңгелерінен бөліне шетке шыға береді. «Абай, қандайсың өзің» деген дыбысы естіліп тұрады. Сахна айналып әзілдесіп тұрған бірнеше кісіні алып келеді.*

БІРІНШІ АДАМ. Жас күйеу сені омақастырып кетті-ау!

ЗАПЫРАН ҚАЙНАҒА. Өмірімде әзіл сөзге сасып көрмеген жан едім. Құдай ұрып, қара басып әлгі жас баланың пысы басып маскара болғаным. Тез жауап қайтару қажет екенін біліп-ақ отырмын. Көкірекке ештеңе оралмай, оның үстіне Алшекең де «ушеуіңе бір-ақ сыбаға» деп басып тастағаны.

БІРІНШІ АДАМ. Жаңағыдай жауаптан кейін кім не тауып айта алушы еді. Менің көзіме қазір үш тармақты айырға, шаншардың үш шалын іліп алып аспанға көтеріп тұрған жас күйеу бала елестейді. Әсіресе сен аяқ-қолың тырбаңдап бірдеңе айтпақ боласың...

Тыңдаушылар күлісіп, шуласып қалады.

ЕКІНШІ АДАМ. Аға, Сіз бұларды аспандатып жібердіңіз ғой. Маған басқаша елестеп тұр. Абай бала сіз айтқан үш тармақты айырмен бұларды жерге шанша салған сияқты.

ҮШІНШІ АДАМ. Жә, тоқтаңыздар! Босына ыржақтамаңдар. Ендігі жерде бұл әңгімеге үйір болмандар. Алшекең келінін шақырып алып бата беріпті. Ділдәңның бағы ашылар депті. Жамылары алтын тон болар депті. Арқасын сүйері асқар тау болар депті. Қамқоршысы алмастай өткір сөз болар депті. Ендігі жерде ана жас күйеу балаға күйеу деп қарамай, бір елдің бас азаматы деп қарасын депті. Балаларың бақытты болсын деп батасын беріпті.

Естіп тұрғандар – айтқаны келсін – деседі.

Сахнаға айналып ұйықтап жатырған Ділдәні әкеледі. Ділдә ояна бастайды. Есін әлі толық жинай қоймаған Ділдә біреумен сөйлескендей болады.

ДІЛДӘ. Қасиетті Алшынбай атам-ау! Қайда берген сол батаң? ... Қайда тілеген тілегің?... Қайда сол бақыт?...

Жоғарыдан күңіренген дауыс естілгендей болады. Ділде шошып қалып дыбысқа құлақ түреді. Жоғарыдан жеткен дыбыс күмбірлей естіледі.

ДАУЫС. О не дегенің балам? Жаман өмір сүріп пе ең? Тірлікте бақытсыз болдым деп айта аласың ба? Жеті атасынан «Қаракөк» атанған: Бұлбұл би, Шаншар би, Келдібек би, қаз дауысты Қазыбек билердей тектілерден тараған Алшынбайдай аруақты жан немересі болып өмірге келгеннің өзі бақыт емес пе? Туған тегіңе, өмір сүрген ортаңа айтар өкпең бар ма еді?...

ДІЛДӘ. *(шошып кетеді)*. Жоқ! Жоқ Ата! Бұл не? Түс емес сияқты ғой. Мынау өңім емес пе! Аталарым аян беріп жатыр ғой. Бақытсыз болмадың дейді ғой... Бірақ сол бақыттан қазір не қалды? Мен неге сорлап қалған жандаймын? Менің жаным неге өзіне өлім тілейді? Тәңрім неге өмірге құмартпайды? Жауап берші осы сұрағыма, қасиетті аталарым!... Қазыбек бабам ба бұл? Бекболат би, Тіленші би аталарым ба? Көз көрген Алшынбай атам- Сіз бе едіңіз?... Бақытсыз емессің дейсіңдер, онда неге менің өмір сүргім келмейді?... Айтыңдаршы... Қайдасың Абай! Алсаңшы мені қасыңа!... Қиналдым ғой. Қинады ғой мына заман. Алжаса бастадым ба?... Ақыл-есім ауыса бастады ма?... Сол айтқандай, Қажекеннің барлық баланы сүндетке бір отырғыздырып, үлкен той жасатқаны оңды шаруа болды-ау.

ЕКІНШІ КІСІ. Ие, онысы дұрыс болды. Әйтпесе бұрын біреу көшіп келе жатқанда, біреу қонып жатқанда деген сияқты... Құнекең көп шаруаны ойланып, ақылмен шешеді ғой.

БІРІНШІ КІСІ. Жарықтық, осы қыстың жайлы болғанын-ай. Мал да қонды екен. Саяқ аттарды ерте көктемде жаратып бәйгіге қосып жатыр. Биыл мал да төлді болады.

Абайдың торықасқасы мен Есіркептің торысы тәуір жаратылған ба деп қалдым. Талас келер ме екен, әлде Есіркептің торысы озық келер ме екен?

ЕКІНШІ КІСІ. Талас келсе Есіркепке бәйгі қайда? Жол Абайдікі деп торықасқаны оздыра салады ғой. Бір тойда ма, аста ма Құнекең – Алшынбай тұрғанда басқа кісі бәйге алушы ма еді! – деп, екінші келген Алшекең атына бас бәйгені бере салыпты дейді ғой.

ҮШІНШІ КІСІ. Аттар көріне бастады. Қарандаршы кімнің көзі өткір. Алдыңғы ат торы болар. Торы терлегенде қара болып көрінеді. Маңдайында қасқасы бар ма, жоқ па?

Адамдар сөйлесіп кетіп бара жатады. Екінші жақтан сахнаға басқа бір топ адамдар кіреді. Бұл топта қасында тоғыз жасар баласы Мағауия бар Абай болады.

БІРІНШІ АДАМ. Абай! Бұл тойға жүйрік жиренінді қоспай біз көрмеген торықасқаны қосыпсың ғой. Қандай жылқы?..

АБАЙ. Қандай екенін қазір өзі айтады.

ЕКІНШІ АДАМ. Аттар айқындала бастады. Алдына бір торы келеді.

АБАЙ. Торы көрінерін біліп тұрмыз. Тек қана дұрыстап қара, маңдайы жарқырап келе ме, әлде жәй тора ма?..

ЕКІНШІ АДАМ. Әзір аңғартпай тұр.

БАЛА. Ең алдында бір торы келеді, артында таяу тағы бір торы. Арттағысының қасқасы бар екен. Тағы бір топ ат... Ала шаң.

ДЫБЫСТАР. Торы келеді... Есіркептің торысы келеді. Оқ бойы озып келеді.

Абай қасына Есіркеп келеді.

ЕСІРКЕП. Абай құрдас! Атың жүйрік жылқы. Жаратуын келістірсе айтулы ат болғалы тұр.

АБАЙ. Әй, Есіркеп! Сыйладым саған сол атты! Бабын келтір де оздыр. Абай сыйлап еді деп айта жүрерсің. Кәзіргі байрағы да сенікі. Есіркеп. (Қуана айқайлап) Екі бәйге де менікі! Ау, жараңдар! Маған Абай жүйрігін сыйға тартты. Бірінші бәйге де, екінші бәйге де менікі!..

Есіркептің қуана, аптыға сөйлеген даусы алыстай береді.

АБАЙ. Қап, мын жаман Есіркептің торысын-ай! А, Мағаш! Бұл қалай болды, өзі?..

## ҮШІНШІ КӨРІНІС

*Құнанбай үйі. Жасы жеткен бірнеше адамдар, іштерінде Нұрғаным мен Ділдә бар, шәй ішіп отыр. Жас келіншек құйған шәйді Ділдә алып беріп отырады.*

ҚҰНАНБАЙ. Биыл Алла тағаланың мейірі ерте түсіп тұр ғой. Мал күйлі, адам көңілді. Елдің аузы аққа ерте тиіп маз-мәйрам. Аллатағала берейін десе молынан береді ғой. Тек қана халыққа қанағат берсін де.

БІРІНШІ ШАЛ. Ел маз-мәйрам! Оның үстіне Сіздің ауыл мынадай той жасап халық көңілін тағы да көтеріп тастады. Әйтпесе ерте көктемде ат шаптырып жасайтын той қайда?..



ЕКІНШІ ШАЛ. Қажы-еке! Осы басқа мұсылман елдері де баласын сүндетке отырғызғанда той жасайды ма екен?

ҚҰНАНБАЙ. Асылы, Қуанған кезде жүрегі жарылып кетуге шақ қалатын, балаша қуанып, еркеше өкпелейтін, табиғат мінезді, нәресте пейіл ел біз-ақ болармыз. Бір шаңырақ басындағы сәл оқиғаға бола бүкіл жұрт боп жиналып, тойшылары ен далаға симай кететін, бір ошақ қуанышына ел боп қуанып, бар өнерін ортаға салатын, білгірі мен ойшылын, сұлуы мен сүйіктісін, батыры мен балуанын, тіпті тентегі мен содырын да сол жиында анықтап алатын халық та біз ғана болармыз. Ал шындығына тереңірек ой жүгіртсек той деген бір кісінің қуанышына бола жасалмайды. Той деген ел арасындағы бәсеке. Бәсекелесу – ол жақсы қасиет. Ақын айтысқа шығарда сөзі ұтымды шықсын деп қаншама нәрсені танып, біледі. Палуан күшін жеткізем деп қаншама терін төгеді. Жұрттың кәзір «Палуантас» атап кеткен тасын Оспанның қаншама рет аударып-төңкергенін бір Алланың өзі білсін. Тойға барамыз деп қыз-келіншек бойын түзеп, сәнін келтіріп айлар бойы дайындалмай ма? Тойға дайындық кезінде ел тек қана жақсылықты ойлайды. Өз елінің қамын ойлайды, кем түспеуін ойлайды. Қазақтың тойы - қазақтың елдікке ұмтылған бәсекесі.

ҮШІНШІ ШАЛ. Құнеке! Көзіміз көрді, ішінде болдық. Осы айтып отырғаныңыздың бәрі Сіздің атаңызға берген аста да болды емес пе? Өскінбай асында билік айтқан би, Өскінбай асында бәйгі алған ат, Өскінбай асында айтысқан ақын... осындай дәрежеге көп кісілер ие болды ғой. Біз оған мән бермей жүріппіз-ау! Құнанбай әкесіне ас беріп өз атын шығарады, тобықты атын шығарды деп естуші ек.. Тіпті әлі күнге Өскінбай асында болып едім деп мақтанатындар толып жатыр. Тек асқа қатынасқаны үшін соншалық мақтануға болғанда жүлде алғандар, шапан кигендер, ауызға ілініп мақталғандардың қандай ұшпаққа шығатыны өз-өзінен белгілі. Аспен той тек бір кісі емес кейін тұтас халықтың, рулы елдің оқиғасына, тындырған ісіне айналып кетеді екен ғой. Өскінбай асында «Түйепалуан» атанған жанға енді қандай абырой-атақ қажет? Ол енді қаншама жеңіске жетседағы Өскінбай асының түйепалуаны дегеннен артық дәреже ала алады дейсің бе? Ие, қазақтың тойының сондай да астары бар екен ғой...

ЕКІНШІ ШАЛ. Біздің қазақта да талай білгір бар шығар. Бірақ осы өзіміздің Қажыекең ағып тұрған білім көзіндей ғой. Жарықтық, бұ кісі сөйлеп кеткенде күнде көріп жүрген үйреншікті нәрсеге басқа көзбен қарап, жаңа көргендей боласың да қаласың. Бұны бұрын қалай байқамағанмын, бұрын қалай көрмегенмін деп таң қаласың. Құнекеңнің көзі ерекше көз ғой...

ҚҰНАНБАЙ. Жә, біреу бас жаққа барыспайық деген екен. Сенің не мақтап отырғаныңды, не даттап отырғаныңды айыру оңайға түспес. Бәсеке жалпы жаман нәрсе емес деп мен жаңа айттым ғой. Барлық нәрсе тек қана бәсекемен жетіседі. Бүгін ұтылған ертең ұпайын түгендегісі келеді. Атын қалдырып алған Сейіс өз қатесін іздеп, енді қайталамауға тырысады. Бәсеке жаман болса анау ақын Абай, хакім Абай, ақылды Абай деп жүргендерің де бүгінгі тойда менің атым Есіркептің атынан қалып қойды деп арланар ма еді?.. Кәне, қайта айтып берші – Мағаш не деп айтты дейсің?...

БІРІНШІ КІСІ. Біздер Абайдың қасында тұрғанбыз. Бір уақытта бір баланың: «Аттар келіп қалды, алдында бір торы, артында торы-қасқа» - деп, айқайламасы бар ма.

ЕКІНШІ КІСІ. Абайдың өзі де алдында екі торының бірі келеді деп тұрған. Абай жылқы таниды ғой.

ҚҰНАНБАЙ. Сіздер не айтып кеттіңдер! Мал танымайтын қазақ болушы ма еді. Кісі болам деген кісі, ел болам деген ел әуелі адам таныр болар. Мен осы шәйға Ділдә келінді әдейі шақыртып отырмын. Ділдә шырағым, Мағашыңның әкесіне не дегенін тыңда. Кәне, айтшы, Мағашжанның не дегенін.

БІРІНШІ КІСІ. Есіркептің торысы анық көрінгенде Абай: «Қап, мына жаман Есіркептің торысын-ай!» - деп, өкінгендей басын шайқап. – Мағаш, бұл қалай болды, өзі – деп еді. Мағаш күні бойы жауабын дайындап қойғандай, енді Абайдың сол сұрағын күтіп тұрғандай-ақ:

- О не дегеніңіз Абай аға! Ол сізден қорқып шаппай қоятын Есіркеп емес қой, ол хайуан торы айғыр емес пе? – дегені.

ЕКІНШІ КІСІ. Апырым-ай! Жасы онға толмаған бала! Қалай айтты екен? Дәл солай деді. Мен де естіп тұрдым.

НҰРҒАНЫМ. Мағаш әлгідей дегенде Абай Мағашты екі иығынан ұстап сәл шегіндіре беріп, бетіне ажырая қарады да, басын шайқап, бірдеңе деп жүріп кетті.

ҚҰНАНБАЙ. Қалай деді дейсі, тағы бір айтшы.

НҰРҒАНЫМ. Мағаштың даусы да әдемі ғой. Кәдімгі кәнігі билерше даусын сызылта созып: «О не дегеніңіз, Абай аға! Ол Сізден қорқып шаппай қоятын Есіркеп қой деп пе едіңіз... Ол торы айғыр емес пе? Хайуан емес пе?»- дегені. Абай тіксіне, баласының екі иығынан ұстап өзінен алыстата, шегіндіре берді. Өңі қатты өзгеріп кеткендей екен. Балаға ұрысқалы жатыр ма деп ара түсуге ұмтыла беріп едім. Мағаштың бетіне аз уақыт басын шайқап қарап тұрып, ештеңе деместен жүріп кетті. Бірдеңелерді айтып бара жатқан сияқты болып көрінді.

Осы кезде үйге Мағауия кіреді. Құнанбай ымдап қасына отырғызады. Мағауия туралы әңгімелерді рахаттана тыңдап отырғанын байқатады.

**ҚҰНАНБАЙ.** Шырағым Ділдә! Мағаш екеуінді әдейі шақыртып отырмын. Болар бала жас болмас дейді екен. Оған көзіміз жетіп келе жатыр. Аталарымыз бала атадан ширек кем туды деп те мақалдайды кей кезде. Ол да мүмкін шығар. Бірақ Абайым кем тумап еді. Мыңа Мағашым да ешкімнен кем болмас, тек Аллатағала талабын оңға бастағай. Балама бата бергелі отырмын.

Бисмиллаһи р-рахмани р-рахим. (Құран сүресін оқиды).  
Ей, құдіреті Күшті Жаратқан, Аллатағала,  
Немерем Абайұлы Мағауияны  
Қара ниеттінің көкірегінен,  
Жалақордың өтірігінен сақтай гөр.  
Қызғаншақтың көзінен,  
Нақұрыстың өзінен сақтай гөр.  
Бесігі бөбекке толғай,  
Қорасы тезекке толғай.  
Шаңырағы мерекелі болғай.  
Дастарханы берекелі болғай.  
Бұ жақта жиғаны бұйырғай,  
О жақта иманы бұйырғай.  
Жамандыққа сабыр ет,  
Батамызды қабыл ет.  
Аллаһу акбар! Әмин!

## **ТӨРТІНШІ КӨРІНІС**

### **ӘБДІРАХМАН**

Әдемі кеш мезгілі. Абай Петербургтан келген ұлы Әбішпен сөйлесіп отыр. Абай ақ көйлек, қара қамзол, қара шалбар киген. Әбіштің үстінде офицер ақ киімі. Үйде Ділдә үшеуі.

**АБАЙ.** Ұлым! Орыс көп халық, өнер-білімді игерген халық. Сенің де орыс оқуын оқығаныңа біраз жыл болып қалды. Байқаймын, азды-көпті жинақтап қалған сыңайың бар. Ал енді маған айтшы, осы білім кісіге ақыл бола ала ма?

**ӘБІШ.** Қызық сұрақ екен. Білім ақыл бола ма дейсіз... а? Бұндай сұрақтың дайын жауабы бар дейсіз бе, бірақ ойланса жоба жауабын да табуға болар. Білімді ақылыңа ақыл қосатыны сөзсіз.

Білімді кісі, көргені көп кісі ақылының аздығын байқата бермейді. Ал егер ақылды кісі үлкен білім алса, онда ондай кісі данышпанға айналады. Ал данышпан адам айналасына жарық түсіріп тұратын шырақ аспандағы бағдар жұлдыз Темірқазық секілді жердегі жарық жұлдыз ғой, ерекше нәрсе ғой. Оны тасырмын деп, үріп сөндіре алмайсың, оны көппін деп, қорқыта алмайсың, оны қолым ұзын деп айыра алмайсың, оны пұлым көп деп сатып ала алмайсың.

АБАЙ. Жақсы айттың-ау. Жердің жұлдызы дедің бе? Мына ағаң Ақылбай да, інің Мағауия да өлеңнен дәмелі. Бірақ сені өлең жазады деп естімеген сияқтымын. Дегенмен көкірегінде ақындық сезім мол екен... Жарайды, осы ауылда ақын жетіп жатыр ғой, ойлана алатын да бір кісі керек болар.

Тағы бір сұрақ, Ақылсыз кісі білімді бола ала ма?

ӘБІШ. Әке, мені сынап отырсыз-ау, асылы. Білім дегенің – ол оқығаның мен тоқығаның, көргенің мен естігенің ғой. Ал оларды өмірге пайдалана білу мөлшері кісі ақылының жобасын көрсетпек. Егер бір аңызға сенсек Аллатағала адамдарға ақылды бірдей етіп бөліп бердім депті ғой.

АБАЙ. Әбішжан! О не сөз? Оны кім естіпті?...

ӘБІШ. Бұл, әрине, ақыл мен білім туралы ойланған біреудің ой түйіні болар. Бұл әңгіме былай айтылады...

...Бір пайғамбар Аллатағаладан сұрапты-мыс:

- Сен он сегіз мың ғаламды жаратып едің. Бәрін де махаббатпен, сүйіспеншілікпен жаратып едің. Солардың бәріне адамды қожа еттіңіз. Айтыңызшы, барлық адам бірдей риза болатын қандай жаратылысыңыз бар? Сонда Аллатағала – «Мен адамдарға ақылды бірдей етіп бөліп беріппін» - деген екен.

- Бірдей етіп бөліп бергеніңізді қалай байқадыңыз? – деген сұраққа:

- Адам пенделер менен саулық пен байлық сұрайды. Бас пен бақыт тілейді. Неге көсем қылмадың, неге шешен қылмадың деп ренжиді. Бірақ ақылым аз деп ренжімейді де, көбейтем деп сұрамайды да.

Мен адамдарға ақылды тең бөліп бергенімді содан байқадым депті-міс.

АБАЙ. Дұрыс мысал ғой. Әркімнің де қараңғы көкірегіне сәуле беріп, істер ісіне жарық түсіріп тұрары ақылы ғой. Ақылы толыспаған кісінің іс-әрекетінің сәбилер жобасында қалатыны да сондықтан болар. Жаңа сынап отырсың дедің-ау. Ендігі сұрақты сынақ емес пікір алысу деп есепте. Айтшы, ойланып айтшы – осы Әлемдік жаратылыста ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма?

ӘБІШ. Ақ зат асыл ғой.

АБАЙ. Неге, ақтан гөрі қара асыл емес пе?

ӘБІШ. Қараны қалай асыл дейсіз?

АБАЙ. Мен қараны ақтан гөрі асылдау деп айтқызар үш мысал келтірейін: Біріншіден, адам баласы барлық дүниедегі жаратылысты көзбен көреді емес пе? Бірақ көздің ағы көрмейді, ортасындағы кішкентай қарашығы ғана көреді: Екіншіден, қағаз ақ, одан адам оқып білім ала алмайды, үстіне қара сиямен жазғаннан өнер-білім үйренеді: Үшіншіден, жас шақта сақал-шашы қара болады. Осыған байланысты жас күнде адамда ақыл, білім, қайрат көп болады. Қартайғанда кісінің шаш-сақалы ағарады және ақылы, білімі, қайраты азаяды. Сондықтан қараны асыл ма деп ойлаймын. Әрине, ақтың асылдығы туралы да көптеген мысал келтіруге болар еді...

ӘБІШ. Әке, осының бәрін қалай білесіз?

АБАЙ. Әрине, ойлап, ақылмен ойлап.

ӘБІШ. Олай болса қыл мида болмай ма? Ал ми ақ зат емес пе? Екіншіден, ақыл – нұр, жарық зат, ал жарық – о да аққа ұқсамай ма?..

АБАЙ. Ділдә! Ерте заманда бір өнер-білімі өркендеген елде Сократ атты аса данышпан, аса ақылды кісі өтіпті. Сол Сократтың әрбір айтқан бір ауыз сөзінен алар ғибрат бір кісінің бар өмірінен түйіндейтін ойынан асып түсіп жатады екен. Сіздің Әбдірахман ұлыңыздың сөз саптауы сол Сократ данаға ұқсай ма деп қалдым.

*Ділдә орнынан тұрып баласының маңдайынан сүйеді, бауырына басады.*

ДІЛДӘ. О, Жасаған! Тіл-көзден сақтай гөр. Пәле-жәледен сақтай гөр. Дана болса болар. Өз жұртынды не кемшілік бар, нағашы жұртында не олқылық бар! О, Тәңірім! Маңдайын ашық ете гөр!

*Абай бетін сипап бата беріп жатқаны байқалады. Басқалары да беттерін сипасады. Сахна алыстай береді. Ділдәның «О, Жасаған» деп жалбарынған даусы естіліп тұрады. Сахнаның екінші жағы ұйықтап жатып «О, Жасаған» деп, оянар-оянбас болып жатқан Ділдәны алып өтеді. Сахнада жаңа көрініс пайда болады.*

## **БЕСІНШІ КӨРІНІС**

### **АҚЫЛБАЙ**

*Көктем. Абай ауылы көшуге дайындалып жатыр. Теңдер шешіліп, қыста дымқыл тартқан асыл нәрселер күн көзіне ілініп, кептіріліп жатыр. Ділдә бір сандықтан әсем тон алып шығады. Жазып қарап, өрнектерін қызықтап біраз тұрады. Тонды бауырына басады. Келіншік кіреді.*

*КЕЛІНШЕК. Ақ Апа! Мынау қандай асыл мүлік еді! Сіздің жасауыңызбен келген дүния ғой, солай ма, Ақ Апа!*

*Келіншек те өрнектеріне қызығып, оюларын қарай бастайды.*

КЕЛІНШЕК. Біздің халық неткен шебер еді! Бұндай өрнекті басқа елдер де сала ала ма екен!

Сахнаға Әбіш пен Мағауия (тоғыз жаста) кіреді.

МАҒАУИЯ. Мынау қандай ғажап, әсем тон еді!

ӘБІШ. Апа, мынау кімнің тоны? Мен киейін, маған берші.

МАҒАШ. Жоқ, мен киемін, әуелі мен сұрағанмын.

ӘБІШ. Сен қашан сұрап жүрсің? Екеуіміз осы кәзір бірге келген жоқпыз ба? Сен қиялыңмен сөйлесіп тұрғанда мен апамнан сұрап та қойғанмын.

Ақылбай кіреді.

АҚЫЛБАЙ. Мына екеуі неге дауласып жатыр? Мынау қайдан келген тон. Бұрын неғып көзге түспеген? Бізге лайық тон ғой өзі. Қыстың өтіп кеткенін-ай, киіп тойға түсетін!..

ӘБІШ. Жоқ мен киемін, мен бұрын сұрадым.

МАҒАУИЯ. Бұл тонға әуелі мені көзім түскен, мен киемін.

ДІЛДӘ. Босқа таласпандар. Бұл тонға жәй кісі иелік ете алмайды. Ал иелік етемін дейтіндер табылса ол асқан өнерімен көзге түсуі қажет. Бұл тон мені төркінімнің болашақ күйеу баласына арнайы жасатқан киімі екен. Абайға шақ болмай, киілмей қалған. Ол кимесе бір баласы кисін, бірақ өнерлі баласы кисін. Кәзір дәл осы арада мені төркінімді, өздеріңнің нағашыларыңды мақтап кім тез, кім мағналы өлең шығарса тон иесі сол болады. Ал бастаңдар.

*Балалар аңтарылысып қалады.*

АҚЫЛБАЙ. Апа-ау! Өнер деп тұрғаның өлең бе? Осы ауыл толы өлең емес пе? Құны өлең болса тон бізге арзанға түсетін болды ғой. Ал тыңдап қараңыздар:

Арғы атаң ер Қазыбек әулие өткен,  
Дүниеден опасы жоқ о да кеткен.  
Я бабам қолдай гөр деп сыйынғанда  
Аруағы сол сағатта келіп жеткен.  
Бекболат асыл туған асыл заттан,  
Ол дағы сыйынғанын жебеп жатқан.  
Билеген Абылайдан Орта Жүзді  
Қытығына тигенді сайғақтатқан.  
Тіленші одан туып ел билеген,  
Арғынға одан қорқып жан тимеген.  
Билікте бұйырғаны ғаділ зар илеген.  
Алшынбай – атасынан сары қасқа,  
Бір адам сөз айтпаған одан басқа.  
Біреуді аға сұлтан қоям десе  
Ешбір жан ешқашан бас шайқамас та.  
Өзіме мырза Түсіп Нағашы ата,  
Сөзімде кешіріңіз болса қате.  
Атаңды арғы-бергі түгел айттым,  
Аруағын нағашымның тонға сата.

*Ақылбай маңына біраз адам жиналып қалады.*

БІРІНШІ ҚАРТ. Бәрекелді! Мына Ақылбай ақын екен ғой өзі.

ЕКІНШІ ҚАРТ. Құдай үйіп-төгіп бір бергенге бере береді-ау. Өскінбай, Құнанбай, Абай... енді міне мына баласын қара, есіп тұр ғой. Абайдың қай баласы да ерте көзге ілініп жатыр ғой. Құдай беріп тұр ғой.

БІРІНШІ ҚАРТ. Құдайдың беріп тұрғаны да рас. Бірақ тектіден текті туар болар. Құнанбай мен Алшынбай құда болғанда осындай немерелерден дәмеленген болар. Дәмелері ақталған секілді ғой. Осындай ұлдарды өмірге әкелген Ділдә келін бақытты ғой.

ДІЛДӘ. Рас, ата! Бақыттымын ғой. Құдай бергенде осылай берсін. Тек ұзағынан бергей. Бақыттымын ғой...

Сахна айналып ұйқыдан ояна бастаған Ділдәны алып келеді.

ДІЛДӘ. Иә, бақыттымын ғой.

ДІЛДӘ. Рас ата! Бақыттымын ғой. Құдай бергенде осылай берсін. Тек ұзағынан бергей. Бақыттымын ғой...

Сахна айналып ұйқыдан ояна бастаған Ділдәны алып келеді.

ДІЛДӘ. Иә, бақыттым ғой.

*Ділдә есін жиып орнынан тұрады. Қолын жайып ілгері қарай қадам басады.*

ДІЛДӘ. Қайда сол бақытым? Қайдасың тұла бойы тұңғышым – Ақылжаным... қоныр қозым! Сенің үнің, сенің әнің сорлы анаңның жүрегін өмір бойы тербетумен жүргенін білмеген де боларсың. Бетіңнен тұшынып бір сүймеген, шашыңнан құшарланып бір искемеген сені өмірге әкелген кісінің, туған анаңның сағынышын сездің бе екен!.. Бейғамдықтан жаралғандай жампозым менің, сағындым ғой, сенің әнің мен жарқыраған маңдайыңды.

Әбішжаным, Әбдірахманым!  
Туысыңнан мінсіз едің гауһардай,  
Сегіз қырлы бір сырлы  
Қасиетіңді санап тауса алмай.  
Өнерімен сүйндірген,  
Қысқа ғұмырымен күйіндірген  
Неге ғана жараттың мен сорлыны  
Әбіштей жанға ана етіп...  
Маған неге ұзақ ғұмыр бердің  
Әрбір басқан қадамым толған қайғы.  
Жазығым жоқ еді ғой, о, Тәңірім,  
Жолымды менің неге оңғармайды?..  
Бұл тірлік неге толған қайғы,  
Жолымды менің неге оңғармайды,  
Не үшін жараттың мендей сормаңдайды?

*Ділдә тақпақтап, қара сөзбен осы сөздерді айтып болғасын жылау сарынына ауысады.*

ДІЛДӘ: Өсіріп едім төрт ұлды,  
Бәрі де жетпей мертілді.  
Зарлы боп қалған ананың  
Жылау боп күйі шертілді.  
Ақын боп туды-ау бір ұлым,  
Ақылбай тұңғыш құлыным.  
Жетпей де кетті-ау құлаққа  
Апа деп айтқан бір үнің.



Ертелеу солды-ау бір ұлым.  
Әкімбай атты құлыным.  
Қуанта алмай жұртыңды  
Үзілді-ау жастай жұлының.  
Көсем боп туды-ау бір ұлым  
Әбіштей текті құлыным.  
Арманда кетті-ау тараптай  
Жинаған шексіз білімін.  
Шешен боп туды-ау бір ұлым  
Мағаштай асыл құлыным.  
Он жасқа жетпей би болған  
Қақтырған таңдай қылығың...

Зарланған Ділдәны сахна алыстата береді.

## **АЛТЫНШЫ КӨРІНІС**

### **АБАЙ МЕН ЖАНҒҰТТЫ**

Құнанбайдың сәнді отауы. Құнанбайға сәлемдесе келген Жанғұтты шешен. Үйде жасы жиырмалар шамасындағы Абай және екі-үш кісі бар. Жас келін Ділдә шәй құйып беріп отыр.

**ЖАНҒҰТТЫ.** Қоныстарың құтты болғай, Құнанбай мырза! Тонау Ұлытаудан мынау Шыңғыстауға дейінгі ен байтақ Сарыарқа биыл құлпырып тұр. Шыңғыс жайлауы да ерекше екен ғой. Малдарың күйлі, жандарың көңілді ме деп қалдым.

**ҚҰНАНБАЙ.** Біз елдің қасы мен қабағын, малдың қоңы мен отын баққалы да, біраз заман болыпты ғой. Қолдан келгенінше осы қолдағы халықтың қамын жеп, елдігі мен бірлігін сақтап, ата-баба сызып кеткен жолдан тайдырып алмай ұстасақ па деген үміт. Сол жолда кейде дұрыс, кейде бұрыс қадамдар басып келеміз. Менің бір байқағаным қайталана беретін бір құбылыс бар. Аллатағаланың қоныс беруі, мал-жанына жағдай жасауы осы жерден пенделерінің өз ниетіне байланысты ма деп қалдым. Ел арасында тыныштық орнап, барымта-сарымтадан, даужанжалдан арылған жылдары адамдар да ажарланып, жер де ерекше құлпырып, барлық тіршілік иесі - жан жануарлардың пейіліне, ниетіне қуанғандай жадырайды дейсің, аямай нәрін төгеді дейсің, қатар келген сондай бір-екі жылда елдің жоны жылтырап, үсті бүтінделіп, бетіне қан, өзуіне күлкі жүгіре бастайды.

ЖАНҒҰТТЫ. Мырза, Аллатағала да ниетке, пейілге береді дейсің ғой. Дұрыс болар. Бір қой егіз туса бір жусан артық көктейді деген, жөн... жөн болар... Құнанбай мырза, Сіздің шешен атағыңыз шығып жүр, шабытты сөйлейді екенсіз, өлең жазбайсыз ба?

ҚҰНАНБАЙ. Құдайға шүкір, тұқымымыздан әлі күнге бір де бір ақын, бір де бір бақсы шыққан жоқ деп мақтанатын ауылдың баласымыз ғой. Ойланып өлең жазып көрмеген жанмын. Ұтымды жауап, бұлтартпас дәлел керек болған кезде амалсыз бір-ек ауыз өлеңге ұқсас ұйқасқан сөздер ауыздан шығып кететін болар. Көп алдында сөйлеп отырғанда өлең сөзден үзінді, ұйқасы сәнді ой тізбек тыңдаушыңа да, қарсыласыңа да қатты әсер етеді ғой.

ЖАНҒҰТТЫ. Сіздің Абай деген бір балаңыз ел аузына іліне бастапты. Әр жерден Абай айтыпты деген сөзді, бір шумақ әзіл өлеңді құлағымыз шалып келді.

ҚҰНАНБАЙ. Мына отырған сол Абайым. Нағашылары шаншарлар еді, солардан жұққан бір шаншары бар ма деп ойлаймын. Біздің қазақ баласына би болу да, ақын болу да қиын емес. Ата-баба мұрасы жетіп жатыр. Жаттап ал да айта бер, өзіңше ұйқастыра бер. Тек соны басқарар ақыл, зерде болса десеші...

ЖАНҒҰТТЫ. Абай, шырағым, менің қасыма келіп отыршы.

*Абай Жанғұттының жанына отырады.*

ЖАНҒҰТТЫ. Биік тау өзенінің суы мол болмағанымен қуаты көп болады. Астан-кестен сарқырап жатып мөп-мөлдір тұнықтығын қайтерсің. Тау өзенін бөгеп болмас, ол жарып шығады да тұрады. Ақын көкірегі де сол қуатты, нәрді ағызып жатқан ерекше нәрсе. Шешендерге, билерге ойланып жататын уақыт жоқ. Ол тапқыр болуы қажет. Оның тап-таза мөп-мөлдір болуы шарт. Сонда ғана оған ел сенетін болады. Уақыт деген қасарыспа. Өз дегенін орындамай қоймайды. Ол бәрін де – асығысты да, шабанды да түбі барар жеріне жеткізбей тынбайды. Сіздерді де жеткізер. Абай шырағым, Сен де күні ертең-ақ ел сөзіне араласарсың. Мен сенен кәзір бір-екі сұрақ сұрайын. Ойланбай жауап бер.

АБАЙ. Жәке! Біз Сіздің сұрағыңызға әліміздің келгенінше жауап берерміз-ау. Бірақ сол жауаптың не дұрыс, не қате екеніне кім төреші болады. Ал төре берген кісінің шешімінің дұрыстығын кім анықтайды.

ЖАНҒҰТТЫ. Міне ой деген осы. Ой ұшқырлығы сенен байқалып-ақ қалды. Сұрақ қойылмай жатып, оның арғы жағындағы ек орамын айналып шықтың. Дұрыс... Абай шырағым...

*Жанғұтты аз уақыт үнсіз қалады.*

ЖАНҒҰТТЫ. Дүние неге сүйенеді?

АБАЙ. *Дүние үмітке сүйенеді.*

ЖАНҒҰТТЫ. Көздің көрмесі бола ма?

АБАЙ. Көз қабағын көрмейді.

ЖАНҒҰТТЫ. Шам жарығының түспесі бола ма?

АБАЙ. Шам жарығы табанына түспейді.

ЖАНҒҰТТЫ. Болат пышақтың кеспесі бола ма?

АБАЙ. Болат пышақ өз сабын кеспейді.

*Ділде ерекше сезіммен Абайға қарап, үйдегі адамдар күбірлесіп қалады, Құнанбай оларға жалт қарап, қабағын шытады. Қайта тыныштық орнайды.*

ЖАНҒҰТТЫ. Тамағына тартпайтын мақұлқат бола ма?

АБАЙ. Өз тамағына тартпайтын мақұлқат болмайды.

*ЖАНҒҰТТЫ. Абай, қалқам! Жауабыңда бір мін жоқ! Шешендік өнер бір басыңа жетерлік пе деп қалдым. Ой тереңдігі, ақыл ұшқырлығы ғана тап қазір, Сен қайтарғандай жауап бергізер. Риза болдым. Ой мен ақылдың қортындысы ауыздан шыққанда ажарлылау болу үшін, ортаға түсем деген кісіге ақындық өнер де қажет. Ақындық жобаңды да біле кетейін. Ұлытауыма барғанда Шыңғыстаудың бауырайындағы құнарлы топырақта жапырағы жаңа көктеп келе жатқан бір шыбық бар екенін, болашақ алып бәйтерекке айналар шыбық бар екенін еске ала жүрермін. Айта жүрермін. Енді менің жаңағы сұрақтарымды өлеңге айналдырып жіберші.*

АБАЙ. Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,

Талпынған мен балапан ұядағы.

Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,

Дүниенің – жалғыз үсті тиянағы.

Көз көруі жетпейді қабағына,

Шам жарығы түспейді табанына,

Өз сабын өзі кеспес болат пышақ,

Мақұлқат тартпай қоймас тамағына.

ЖАНҒҰТТЫ. Бәрекелді, бәрекелді... Сөз жаубаңнан өлең жауабың қысқарақ болды ма, қалай болды өзі... Өлеңінде артық бір жол жоқ. Жол деген не, бір ауыз артық сөз жоқ. Жирмаға жетер-жетпес жасында атағыңның бүкіл Сарыарқаға жайылып кетуі тегін емес екен. Аллатағала берген тұла бойың толы қасиет болар, бірақ барлық қасиеттеріңнің ішінен ақындық өнерің озық тұрар...

Жанарың отты екен - ақындығыңнан шығар,

Маңдайын жазық екен – ойлылығыңнан шығар...

*Жанғұтты қолын жаяды. Құнанбай да «бисмилла р-рахмани р-раим» деп қолын жаяды.*

ЖАНҒҰТТЫ. Ия, Жартақан, Аллатағала! Құнанбай ұлына бір кісінің басына жетерлік зерде мен өнерді беріпсің, енді тіл-көзден аман ете гөр. Абай, шырағым! Кісінің көркі бойындағы өнері емес, сол өнер мен қоса өзін басқарып жүрер ақылы. Ақылы мен ізеттілігі. Осыны жадыға берік сақта. Артыңда ізің қалсын, алдыңда арманың болсын!.. Халқыңның қимасы бол!.. Аллаһу акбар. Әмин.

*Беттерін сипасады.*

## **ЖЕТІНШІ КӨРІНІС**

### **ТӘРКІ**

*Қараңғы түн. Үлкен ауыл шетінде оқшау тігілген үйде әлденеге үрейленген үш кісі сыбырласа сөйлеседі.*

ӘЙЕЛ. Жасаған-ай! Сақтай гөр өзің! Әлгі отағасы біреу-міреудің көзіне түсіп қалмаса жарар еді?.. Неге кешікті?..

КЕЛІН. Ене... Кеткені жаңа ғана емес пе?..

ЖІГІТ. Сабыр етіндерші. Алып кеткен тоқтысын жайғастырып жүрген болар. Тәркі Әубәкір мырзаға қатты қарады ғой. Тігерге тұяқ қалдырмады. Құнанбайдың бөлтірігі, Алаш Орданың құйыршығы... тағы, тағы бірдеңелерді санап шыққан. Есімде де қалмапты.

ӘЙЕЛ. Келетін уақыты өтіп кетті. Мырзаның үйіне барып-келуге қанша уақыт керек еді, кешікті-ау.

КЕЛІН. Не мырза, не Ділдә әже тоқтатқан болар...

ӘЙЕЛ. Тәркіленіп жатырған Әубәкір мырза, әншейінде зорға сөйлейтін паң мырза, сенің жаман қойшы атаңмен кенеттен бүгін кеңес құра қалды деп ойласың ба?

КЕЛІН. Ене-ау! Не болып бара жатыр бұ заман? Тәркілейтіндей не жазығы бар еді мырзалардың? Алпауыт деген не сөз?.. Қанайды деген не сөз?.. Жалшының қақын жейді дейді... Осы үйге мен түскелі солардан алған малымыз төліменен жүзден асқан болар... Ішіп-жеуге де, қонаққа союға да жетіп жатыр... Түсінбеймін...

ӘЙЕЛ. Апа! Тәркінің бетін әрмен қылсын. Әубәкір мырзаның ақ отауын... Япырым-ай... айтуға да аузың бармайды екен... Толып тұрған қатындарға бауларын шештіріп, жығып ала қоятын үйді...

Пышақтары-ақ өткір екен... жалаңдатып... туырлық, үзік бауларын пышырлатып кескенде, менің өз тамырларымды кескендей болып тұрды. Масқара... Өздері қазақтар... Уықтың бауларын екі қызыл жаға үйді айналып жүріп бір кесіп шыққанда шаңырақ шыр айналып ортаға түсті. Уықтың қаламдары күтірлеп сынып жатқанда дәл қабырғам күйреп жатқандай болдым... Өздері қызыл жаға болғанымен қазақтар. Ұят-ай, енді сондай киіз үйден кіріп, жатып тамақ ішеді-ау...

КЕЛІН. Мырзаның бетіне қарауға дәтім шыдамады. Түсі бұзылып кеткен екен. Сазарып, үн шығармай тұрды да қойды. Балалары шулап кетті. Ділдә әже: «Ей, Жаратқан! Құдіреті күшті Тәңірім! Ен даланы күңіретіп, ен байтақ елді тентіретіп жіберген бұларға да сақтаған бір зауалың бар шығар. Түсірерсің бұлардың да шаңырақтарын бір күні ортасына. Тек сол күніңді тезірек жібер бұларға. Әйтпесе, мыналардың түрі жаман екен, жерінді жәбірлер, еліңді еңіретер...» деп қолын жайып жалбарынып тұр екен. Қасында тұрған біреу, - бәйбіше, аналар естіп қалар, - деп еді, - мынаны көргенімше өліп кетсем еді, маған бұдан артық олар қандай жаза қолдана алар, - деді.

ЖІГІТ. Ай бұлар табар. Біз естімеген жаңа жаза ойлап тауыпты ғой. Жер аударып жатырған жоқ па? Үрім-бұтағымен жер аударарды екен. Бізің қазақта бұрын-соңды болмаған нәрсе деп тұрған үлкендер.

ӘЙЕЛ. Жер аударарды деген не пәле тағы?

ЖІГІТ. Ділдә әжені жасының үлкендігіне қарап осы өлкеде қалдыратын болды. Ал Әубәкірді бала-шағасымен түгел жер аударарды, басқа жаққа көшіреді.

ӘЙЕЛ. Қалай көшіреді? Тігерге тұяқ қалдырмады дегені қайда?

КЕЛІН. Ертең тәңертең арбаға отырғызып Аягөзге алып кетеді екен. Сол жерден теміржолмен көз көріп, құлақ естімеген бір жаққа асырады дейді.

ӘЙЕЛ. Отағасы кешікті-ау?.. Не болып қалды?.. Құдай-ау сақтай гөр өзің...

КЕЛІН. Әуелі мырзаның дүние мүлкін жеке-жеке қағазға тіркеп жазды да артынан пәленше сандық, түгенше тең деп ішін ақтармастан жаза бастады.

ЖІГІТ. Ділдә шешеміз бір теңді жазып жатқанда, - сексенге келген жасым бар, маған да бірдеңе тиісті болса осы теңнің ішінде Абайдың бір тоны, бір шапаны бар еді, соны маған қалдырыңдар, - деді.

КЕЛІН. Ене, сол тоңды сен көрмедің ғой! Мен ондай сәнді нәрсе көрмеген болармын. Олар әжеге ескі шапанды қалдырды да,

тонды қоғам мүлкіне қосылады деп тәркіленген заттардың үстіңе лақтырып тастады.

ӘЙЕЛ. Біздің отағасыға не болды?.. Көзге түсіп қалып ертең бізді де тәркіге салып жіберсе қайтеміз?..

*Бәрі де үнсіз қалады.*

ӘЙЕЛ. Құдай-ау өзің сақтай гөр.

КЕЛІН. Дыбыс естілетін сияқты ғой.

ЖІГІТ. Көкемнің аяқ басысы ғой.

*Үйге ер кісі кіреді.*

*Үшеуі үрпиісіп орындарынан тұрады.*

ӘЙЕЛ. Кешіктің ғой, жайшылық па?

ЕР КІСІ. Жайшылық.

ӘЙЕЛ. Ешкімнің көзіне түсіп қалмадың ба?

ЕР КІСІ. Манағы қызылжағалардың бұл маңайдан қарасы өшпей, ол үйдің маңайынан ешкім жүре қоймас. Кім көруші еді?..

ӘЙЕЛ. Мырзалар қалай екен?

ЕР КІСІ. Аузын байлап, иыққа салып алған тоқтының дыбысы шығушы ма еді, ешкімде байқамаған сияқты, бірақ...

ӘЙЕЛ. Бірағы несі тағы да? Не боп қалды?..

ЕР КІСІ. Мырза алдында ұяттылау боп қалдым.

ӘЙЕЛ. Не, не бүлдірдің?..

ЕР КІСІ. Бәрі дұрыс. Тек қана арқалап барған тоқтымды олар отырған күрке босағасына байлап, тезірек кетпек ниетімді байқаған Әубәкір мырза:

- Ағасы-ау, менің қой сойып жеу қолымнан келмейтінін білмеуші ме ең? – дегені... Ұят болды. Өмір бойы сол мырзалар арқасында ештеңеден тарықпай, не ішемін, не киемін деп уайым-қайғы жемей келіп, енді бастарына іс түскен күні бір тоқтыны сойып беруге жарамай... Ұят болды...

ӘЙЕЛ. Енді не істедің?

ЕР КІСІ. Қойды сойып, қазанына түгел салып бердім, Аягөзге дейін

екі-үш күнге талшық болар ма екен?... Манағы сен беріп жіберген ірімшік-құртқа қуанып жатыр. Бұзылмайтын тағам ғой, алдымызда не күн күтіп тұрғанын? – деп, уайымдап отыр.

ЖІГІТ. Мен тағы бір жаманат хабар естідім, бүгін Абай атамның тағы бір баласын ел көзінше, Семейде, көшеде айдап келе жатқан, қызылжаға атып тастапты.

ӘЙЕЛ. Астағапыралла... Сұмдық-ай...

КЕЛІН. Қай баласын?...

ЕР КІСІ. Қай баласы екені белгісіз. Тұрағұлды жер аударып жіберді деп естіп едік қой.

ЖІГІТ. Әке! Сонда қалай? Ендігі жерде біреуді өлтіргісі келсе өлтіре сала ма?.. Өлгеннің құнын кім сұрайды?.. Кімнен сұрайды?..

ЕР КІСІ. Түсініксіз заман болды ғой... Баяғыдан бері әдет-ғұрып, жол-жора, ата-баба салты дегендердің бәрі босқа, бәрі бекерге болып келгені ме?.. Сонды мына жазықсыз жапа шегіп жатырғандардың көз жастарының сұрауы болмай ма?.. Атып тастайды деген не сұмдық?.. Жазықсыз жапа шеккендердің арын кім арлайды?.. Үкімсіз атылғандар мен айдалғандардың артын кім қуады?.. Құнын кім іздейді?.. Жоғалған тоқтыны да қарамаушы ма едік?.. Орынсыз уряднигің қол жұмсады деп жандаралға арыз жазып, шағым айтып жатпаушы ма еді?.. Мына қырып бара жатқан қызылжағалар үстінен кімге арызданамыз?.. Құдіреті күшті Жаратқан-ау! Осының бәрін көріп тұрып тайрақтатып қоясын ба, мына есіріктерді?.. Бүгін бүкіл бір ауыл түндігін аша алмай, іргелігін түре алмай, есігін қымтап алып күңіреніп отыр ғой!.. Қаралы күн, азалы күн деп жүргендерміз ойыншық болып қалды ғой? Арты не болар екен?..

ӘЙЕЛ. Ақырын, біреу естіп қалар...

ЕР КІСІ. Етті қазанға салып тастап, ошаққа отын да жағып беріп, енді кеткелі жатқанымда Ділдә шешеміз: «Бала күніңнен сені Абай жақсы көруші еді, Жарықтық адам танығыш еді ғой, таныған екен ғой... Бұл ісіңе не деп алғыс айтсам жарасар екен?.. Бақытты бол деуге аузым барар емес... Бақыт түгіл бас амандығына зар болып қалған ел, ендігі жерде... Ел қор болды ғой. Басынан бір ауыз сөз асырмайтын асаулар енді басына сарып кетсе, жақ аша алмас халге жетіпті... Не дейін шырағым... Еңбегің Алладан қайтсын. Бізге деген адал ниетің ұл-қыздарыңның өздеріне деген ниетімен қайтсын. Бізді қойшы, кәрі саулықтың жасындай жас қалды, мына тілегі алдарындағылардың күні не болар екен?..» деп күрсінгенде, үйдегілердің бәрі жылады, мен де көзімнің жасын тоқтата алмадым.

ӘЙЕЛ. Құдай-ай! Бұның арты не болар екен?..

КЕЛІН. Не болар екен?.. (жылап жібереді).

*Үрпиісіп, дағдарысып қалған бұларды сахна айналып әрі қарай алып бара жатады. Үстеріне түсіп тұрған жарық әлсірей бастайды.*

## СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

### АБАЙ ІШІП ҮЛГЕРМЕГЕН У

*Ділдә төсегінде. Басын көтеріп отырады. Үйге жас жігіт пен жас келіншек кіреді.*

ЖІГІТ. Ділдә апа! Халіңіз қалай?

ДІЛДӘ. Бізде қандай хал болушы еді.. Өздерің көрінбей кеттіңдер ғой. Бір-екі күн болды, бүкіл өмірім түс болып көз алдымнан өтіп жатыр. Аллатағала тілекті қабыл еткен болар. Бұ дүниедегі өлшеулі мезгіл, таусылуға айналған болар деп дәметіп жатырмын.

КЕЛІНШЕК. Олай деменіңші апа! Мынау ен далада Сіз едіңіз жалғыз арқа сүйеріміз.

ДІЛДӘ. Аллатағаланың Сіздерді күтуге мұрша бергеніне ризамын. Жақындап қалған сияқтымын. Өздерің қайда барып келдіңдер?..

ЖІГІТ. Осы Аралтөбеден мына аласапыран басталғанда, Күшікбайға көшіп кеткен бір ағайынымыз бар еді, кеше соны тәркілеп, соған барып келдік.

ДІЛДӘ. Ол маңайда кілең жарлы Уақтар тұрады деуші еді. Тәркіге ілінерлік кім бар еді?..

ЖІГІТ. Оны тәркілетіп жатырған байлығы емес, мінезі дейді ғой? Жаңа өкіметке жақпай қалса керек. Бас араздығы бар өзінің бір ағайыны үкіметке осындай бай бар, сонда соншалық ақым бар, өндіріп беріңіз деп арызданса керек.

КЕЛІНШЕК. Үйінде тәркіге түсер түгі де жоқ екен. Ештеңе таба алмағасын мал-мүлкін жасырып үлгеріпті деп, айтқызамыз, таптырамыз деп Семейге айдап кетті.

ДІЛДӘ. Абай бір сөзінде:

Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,

Періште төменшіктеп, қайғы жемек.

Өзімнің иттігімнен болды демей,

Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек... деп еді-ау.

Бұ күнгі адамдардың бәрі де сол шайтанның өрмегіне оралды ғой.



ЖІГІТ. Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,  
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.  
Өзімнің иттігімнен болды демей,  
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек.  
Сырттансынбақ, қуанбақ, өршілденбек,  
Сабырменен топ жасап бөлек-бөлек.  
Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ.  
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?  
Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек,  
Адалдық, арамдықты кім теңгермек.  
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,  
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек.

ДІЛДӘ. Шырағым, жап-жас басыңмен Абай өлеңдерін қай уақытта, қалай жаттап үлгергенсің?..

ЖІГІТ. Апа, бұл Абай ағамның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деп басталатын өлеңі ғой.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,  
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.  
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,  
Кім көңілді көтеріп, болады ермек.  
Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек,  
Тағдыры жоқ өткен өмір қайта келмек.  
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,  
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Апа, Абай ағамның сөзін жаттаудың қажеті қанша. Оның сөздері жүрегіңе барып өзі құйылады да, өз орнын тауып ала қояды.

ДІЛДӘ. Ие, шырағым! Зерделі кісіге бәрі оп-оңай, Абай жарықтық сәл нәрседен қорытынды шығарып, болашақ боларды қазіргі болып жатырған құбыластардан құрастырып отыратын. Соның да қырсығы болар тіршілікте ойлы, ақылды кісінің өмірі тым күрделі, өзіне тым ауырлау болады екен.

ЖІГІТ. Абай ағамның кейбір сөздері дәл бүгінгі оқиғаларды бейнелейді екен. Біздің ойымыз жетпейтін астары қаншама десеңізше.

ДІЛДӘ. Ой, шіркін-ай! Бұл дүние бастан бұлай өтеді деп кім ойлаған?.. Пендешілік-ай! Абайға да өкпе артқан уақыттарымыз болды-ау! Жан-жағы жайнап тұрғанда, төрт құбыласы түгел тұрғанда «қайран қазағым, күнің не болады» деп күңіренуші еді?.. Сонда осы күндерді жобалап білгені ме?.. Оқышы Абайды. Бұл дүниені Абаймен бастап едім, Абайдың сөзімен өтейін... Оқышы...

ЖІГІТ. Мен Абай аға өлеңдерін түгел жатқа білемін.

Бірақ Сіз өлең оқы десеңіз-ақ сасып қаламын.

ДІЛДӘ. Ойыңа түскенін айта бер.

ЖІГІТ. Ал ендеше, тыңдап көріңіз...  
Байлар жүр жиған малын қорғалатып,  
Өз жүзін, онын беріп, алар сатып,  
Онын алып, тоқсаннан дәме қылып,  
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып?  
Барып келсе Ертістің суын татып,  
Беріп келсе бір ауыз бұзып-шатып,  
Елді алып, Еділді алып есіреді,  
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып.  
Әрі-бері айналса аты арықтап,  
Шығынға белшесінен әбден батып,  
Сұм-сұрқия, қу, білгіш танбаққа  
Құдай құмар қылыпты қалжыратып.  
Қорғаласа, қорықты деп қоймаған соң,  
Шаптырады қалаға бай да андатып,  
Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,  
Қолға түсер сілесі әбден жақсыға қосамын деп,  
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

Ділдә төсегінен тұрады. Басқалар да орындарынан көтеріледі.

ЖІГІТ. Апа, Абай ағаның мына өлеңі біздердің тап бүгінгі белсенділеріміз туралы жазғандай.

Менсінбеуші едім наданды,  
Ақылсыз деп қор тұтып.  
Түзетпек едім заманды,  
Өзімді тым-ақ зор тұтып.  
Таппадым көмек өзіме,  
Көп наданмен алысып.  
Көнбеді ешкім сөзіме,  
Әдетіне қарысып.  
Жан шошырлық түрінде,  
Бәрі бірдей еліріп.  
Ұстай алмадым бірін де,  
Кекиді кейін шегініп,  
Әрине мен ел кетті.  
Қоқиланды, мақтанды.  
Қуат бітті, күн өтті.  
Жарылқа, құдай, жатқанды.  
Жарлы емеспін, зарлымын,  
Оны да ойла толғанып.  
Жұртым деуге арлымын,  
Өзге жұрттан ұялып.

ЖІГІТ. Апа, тағы да оқи берейін бе?

ДІЛДӘ. Оқи бер. Абай ән тындағанда, өлең тындағанда бар дүниені ұмытып, ерекше әсерленетін еді ғой.

ЖІГІТ. Ділдә апа! Абай ағам сіз қазір айтып отырған сезімін өлеңмен былайша беріпті ғой.

Құлақтан кіріп бойды алар  
Жақсы ән менен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең менше сүй.

Дүние ойдан шығады,  
Өзімді өзім ұмытып.

Көңілім әнді ұғады,  
Жүрегім бойды жылытып.

Аңсаған шөлде су тапса,  
Бас қоймас па бастауға?

Біреу түртсе, я қақса,  
Бой тоқтамас жасқауға.

Бір күйгізіп, сүйгізіп,  
Ескі өмірді тергізер.

Өмір тонын кигізіп,  
Жоқты бар қып жүргізер.

Есіткендей болады  
Құлағы ескі сыбырды.

Ескі ойға көңілім толады,  
Тірілтіп өткен құрғырды.

Ішіп терең бойлаймын,  
Өткен күннің ұларын.

Және шын деп ойлаймын.  
Жұрттың жалған шуларын.

Тағы сене бастаймын,  
Күнде алдаған құларға.

Есім шығып қашпаймын,  
Мен ішпеген у бар ма?..

ДІЛДӘ. Бар екен ғой, Абай! Екі дүниенің сөзін түгел тауысқанда сенің де білмесің, ойыңның жетпесі бар екен ғой. Абай! У болғанда қандай у! Сен қанып ішкен улардан мен де ауыз тимеп пе едім?.. Олардың дәмі таңдайымнан әлі кете қойған жоқ. Бірақ мына сен ішіп үлгермеген удың қасіретін ешкім өлшеп, ешкім салмақтай біле алмас. Сен ердің екіжүзділігіне, надандығына өкпелегенсің. Еліңнің жалқаулығына, өнер-білімге ұмтылмағанына бола у ішкенсің. Бар арман-мұратыңды іске асырады ма деген ұлдырыңды, бірінің артынан бірін жерлеп, запыран зәрдің дәмін татқансың. Соған бола өзіңді бақытсыз санаған болатынсың. Бірақ

сен бақыттың не екенін білмей өтіпсің. Мына заманға жетпей кеткеннің бәрі бақытты екен. Ендігі жерде бақыттың ең үлкені, өлген жаның көмілуі болды. Сүйегі туған жерде қалды, өзі жаралған топырақпен беті жабылды деп жұбанатын халге жетті.

АБАЙ! Қалың елің қазағың бәлен күн аза салып, бетін жыртып жыласып, ақ жауып аруласып, ақ батасын оқысып, жоқтау айтып жыласып, ата-баба қаделерін өткізіп, артында көметін елі, жылайтын ұрпағы қалып өлген өлім, ол бақыттының өлімі екен. Өзің айтқан жақсы өліпсің, япырмай. Бақыттының бірі сен екенсің. Мына заманды көргенде мүмкін сен бұрын ішкен уыңды балқаймаққа теңер ме ең?..

Жастай кетті, жетпей кетті деп ұлдарымның қазасына налушы едім бұрын. Енді бұ күндерге жетпей кеткеніне қуанамын. Аз да болса бақытқа, қуанышқа толы өмір сүріпті.

Абай, сен, ер мен ердің арасын, ел мен елдің арасын жақындатамын деп жан күйдіргенсің. Ердің ісін, елдің ішін тәртіпке сала алмай шарнағансың. Қарлығаш боп қанатыңмен су тасыған қайда сол елің, қайда сол ерің?.. Сен қызғыштай қорыған ерің не болды, елің не болды?... Сен ел қылам деген елің кәзір ақ пен қызылға бөлініп алып кектесті, бай мен жарылы боп бөлініп өштесті.

Кектескені сонша баласы әкесін, қызы шешесін жау етті. Өштескені сонша тергеусіз, сотсыз бірін-бірі жайратып салды.

Заңы да жоқ, ережесі де жоқ зымиян заманға тап болдық. Арамдылығы сонша бүкіл елге Кеңгірбай мен Құнанбай қанішер еді, жауыз еді дегізді, Кебек пенен Қодар қанын олар мойнына жүктеді. Қайда кеше жер жетпей таласып, жаулау жетпей жағаласып жатқан қалың ел?.. Құнанбай ұрпағы түгіл, Ырғызбайдан еркек кіндік қалмауға айналды. Абай-ау, айтшы өзің төресін, сол азаматтар Кебектен кем бе еді?... Қодардан қор ма еді?.. Абай-ау, солардың құнын қуарлық, ер түгіл артын жоқтап жылау айтар қатын-қалаш қалмады ғой... Кешегі Орда мен Шыңғысқа сыймай жатқан ел қайда?.. Қор болды Абай елің

Есі де кетті-ау елімнің,  
Еңсесі түсті-ау ерімнің.  
Тасыған сүттей заман-ай.  
Қаймағы күйді-ау төлімнің.  
Қаралы болған халықтың  
Азасын айта жалықтым.  
Шошыдым қатал заманнан  
Қу бас та болып қалыппын.

Шаршаған Ділдә керегеге сүйенеді. Жігіт пен келіншек қолтығынан демейді. Үйге пақырлар жинала бастайды.

ДІЛДӘ. Ерің еңіреп қалды ғой, Абай-ау! Тұрағұлың қайда?.. Тұрағұлыңмен дос болған, бүкіл ел боп «алаш» деп ардақтаған арыстарың қайда? .. Бәрі бір оқтық боп жоқ болды. Ақыл-ойға симайтын заман болды. Ел билейтін әкімнің, сөз сөйлейтін шешеннің, ой ойлайтын көсемнің басына зауыл боп келді бұл заман...

Есі бардың есін алды, есірік ел биледі.

Бәрін ақылмен болжап білген Абай едің, мынау зауал заманды болжай алмапсың-ау, Абай!

Қара орманыңнан қалғаны мынау (қолымен дүние-мүлкін көрсетеді). Қалың елің қазағыңнан қалғаны мынау (ұйлығып тұрған пақырларды көрсетеді).

Бар екен сен ішіп үлгермеген у !

Уландым ғой, Абай, сол уға! алсаңшы мені қасыңа...

*Ділдә құлап түседі...*

10.12.1997 ж.

